

**«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының  
шешімімен бекітілген  
(2017 жылғы 18 қаңтардағы  
отырыстың №1 хаттамасы)**

**«ҚазТрансОйл» АҚ-тың  
еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау саласындағы  
«Алтын қағидалар»  
кодексі**

Астана қ., 2017 жыл

## Мазмұны

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ	3
3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАУЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР	3
4. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР	4
4.1. Көшбасшылық	4
4.2. Жұмысқа дайын болу	4
4.3. Өндірістік нысандарда болу кезіндегі қауіпсіздік	5
5. ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ	5
6. ҚАУІПТІЛІГІ ЖОҒАРЫ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ	8
6.1. Жол жүрісінің қауіпсіздігі	8
6.2. Электр қауіпсіздігі	9
6.3. Айналатын механизмдер	10
6.4. Тұйық кеңістікте (сұйыққоймаларда, құдықтарда, ыдыстарда және т.б.) жұмыс істеу	11
6.5. Қысыммен жұмыс істейтін құбырлар мен ыдыстар	13
6.6. Газ қауіпті жұмыстар	13
6.7. Биікте жұмыс істеу	14
6.8. Жүккөтергіш машиналар мен механизмдер	15
6.9. Тиеу-түсіру жұмыстары	18
6.10. От жұмыстары	19
6.11. Қазандықтардағы жұмыстар	20
6.12. Өндірістік нысандар алаңдарына қойылатын талаптар	22
6.13. Жабдықтар мен құбырларды сынау	24
6.14. Жайсыз температуралар кезіндегі жұмыс	26
6.15. Денсаулық сақтау	26
6.16. Тікұшақ пайдаланылған ұшулардың қауіпсіздігі	27
7. ЖАУАПТЫЛЫҚ	28
8. БИБЛИОГРАФИЯ	30

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау саласындағы «Алтын қағидалар» кодексі – бұл жұмыстарды қауіпсіз орындаудың басты талаптары, ол Қазақстан Республикасының заңнамасы, халықаралық стандарттар және Қоғамның ішкі құжаттары талаптарының сақталуына септеседі.

2. Осы Кодекс Қазақстан Республикасының заңнамасы, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 30 қазандағы шешімімен (отырыстың №54 хаттамасы) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ жұмыскерлерінің еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау саласындағы «Алтын қағидалар» кодексі, Қоғамның ішкі құжаттары, жетекші мұнайгаз компанияларының еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау саласындағы озық халықаралық тәжірибесі, сондай-ақ болған жазатайым жағдайлар, оқиғалар және апаттар туралы қолда бар ресми ақпаратты талдау негізінде әзірленді.

3. Осы Кодекс еңбек қауіпсіздігін және еңбек қорғауды қамтамасыз ету бөлігінде топтық мәдениетті көтеруге, әрбір жұмыскердің өндірістік жарақаттануды және кәсіптік науқастануды, апаттарды және оқиғаларды болдырмауға өзінің мүдделілігі деңгейін көтеруге бағытталған.

## 2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

4. Осы Кодекс Қоғамның барлық жұмыскеріне, сондай-ақ Қоғамның өндірістік нысандары аумағында болатын мердігерлер жұмыскерлеріне қолданылады.

5. Мердігерлер жұмыскерлері және Қоғамның өндірістік нысандарына баратын барлық адам кіріспе нұсқамалық өткізу барысында осы Кодекспен таныстырылуы тиіс.

## 3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАУЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

6. Осы Кодексте мынадай терминдер, анықтаулар және қысқартулар қолданылады:

- 1) **ЭБЖ** – электр беру желісі;
- 2) **Қоғам** – «ҚазТрансОйл» АҚ;
- 3) **нысан (өндірістік)** – Қоғамның мұай айдаумен, су берумен, электр немесе жылу қуатын таратумен, тауар-материалдық қорларды қабылдаумен және сақтаумен, өнім шығарумен және дайындаумен, құрылыспен және өндірістік қызметтің басқа да түрлерімен айналысытан жеке тұрған өндірістік бөлімшесі;

4) **мердігер** – жасалған шарттар (келісімшарттар) негізінде Қоғам нысандарында жұмыс орындаушы жеке немесе заңды тұлға, заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциумы);

5) **жұмыскер** – Қоғаммен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға;

6) **Қоғам басшылығы (басшылары)** – бас директор (Басқарма төрағасы), бас директордың орынбасарлары және басқарушы директор (-лар);

7) **Қоғамның құрылымдық бөлімшесі** – Қоғамның қызметтің/үдерістің белгілі бір түрін жүзеге асыру үшін жауапты және Қоғамның ұйымдық құрылымда көрсетілген бөлімшесі (орталық аппараттың департаменттері мен қызметтері, филиалдар мен өкілдіктер);

8) **филиалдардың құрылымдық бөлімшелері** – Батыс және Шығыс филиалдар құрылымына кіретін, белгіленген тәртіпте бекітілген бөлімшелер (мұнай құбыры басқармалары және т.б.).

## 4. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

### 4.1. Көшбасшылық

7. Қоғам басшылығы, Қоғам құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және филиалдар құрылымдық бөлімшелерінің басшылары жұмыстардың қауіпсіз орындалуын бақылауды жоспарлауға және ұйымдастыруға тікелей қатысу арқылы еңбек қауіпсіздігін және еңбек қорғауды қамтамасыз етуде өздерінің көшбасшылық қызметін мойындады.

8. Қоғам басшылығы, Қоғам құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және филиалдар құрылымдық бөлімшелерінің басшылары еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау мәселелерін шешудің басымдылығын ұстанатындықтарын өз өнегелерімен көрсетулері тиіс.

### 4.2. Жұмысқа дайын болу

9. Жұмыс орнындағы қауіпсіз жағдайлардың негізгі қағидаттарының бірі – жұмыскерлердің денсаулығын қорғау.

10. Қауіпсіздік нормалары талаптарына қайшы келетін өкімдерді орындауға тиым салынады.

11. Қоғамның және мердігердің барлық жұмыскері міндетті:

1) міндетті алдын ала және кезеңдік медициналық қаралудан өтуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғам ішкі құжаттарының талаптарына сай ауысымалды, ауысымнан кейінгі және өзге де медициналық куәлендырудан өтуге;

2) денсаулығы сыр берген кезде тікелей басшыны дереу хабардар етуге;

3) жұмыстарды орындау кезінде жалпы жай-күйіңізге әсер етуі мүмкін дәрі-дәрмек қабылдағаныңыз туралы тікелей басшыға хабарлауға;

- 4) төтен ауа райы жағдайының әсерінен қашқақтауға;
- 5) алкогольді, есірткілік және психотроптық заттарды қабылдамауға, сақтамауға, сатпауға және таратпауға;
- 6) егер алкогольді, есірткілік және психотроптық заттарды қабылдаудың куәсі болған ретте, дереу араласуға және ескерту жасауға, бұл жәйт туралы тікелей басшығы немесе нысан бастығына баяндауға;
- 7) жеке және (немесе) ұжымдық қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етпеген, сондай-ақ адамдардың өміріне және денсаулығына қатер төндіретін ахуал туындаған жағдайда бұл туралы тікелей басшыға жазбаша хабарлап, жұмысты орындаудан бас тартуға;
- 8) зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың ұзақ уақыт бойғы әсерінен қашқақтауға, жеке және ұжымдық қорғаныш құралдарын мақсаты бойынша қолдануға және пайдалануға;
- 9) жұмыскерлердің әрбір өндірістік жарақат алуы және өзге де денсаулыққа нұқсан келтіруі, кәсіптік науқастану (улану) белгілері, сондай-ақ адамдардың өміріне және денсаулығына қатер төндіретін ахуал туралы тікелей басшыға дереу хабарлауға.

12. Әрбір жұмыс орнында өндірістік және лауазымдық нұсқаулықтар, еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау, өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтар болуы тиіс.

### **4.3. Өндірістік нысандарда болу кезіндегі қауіпсіздік**

13. Қоғамның өндірістік нысандарында болатын барлық адам нұсқамалықтан өтіп, оның нәтижелері нұсқамалық журналына ресімделуі, берілетін қорғаныш көзілдірікті және каскны киуі тиіс. Аяқ киім биік өкшелі және болат тағалы болмауы, киімнің жалбырап тұратын бөліктері болмауы тиіс.

14. Өндірістік нысандарда тек топталып жүріп-тұру керек. Топты келген нысанның уәкілетті адамы ертіп жүруі тиіс. Бірнеше топқа бөлініп әр топқа жеке ертіп жүруші міндетті түрде беріліп, жүріп-тұруға болады.

15. Әр ертіп жүруші рациямен қамтамасыз етілуі тиіс.

16. Төтенше жағдай немесе соның алғышарты туындаған ретте барлық жүрген адам қауіпсіз жерге көшірілуі тиіс.

## **5. ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ**

17. Жұмыс орындарын дайындау және жұмыстарды орындау кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптары бұлжымай сақталуы тиіс. Жұмыстардың қауіпсіз орындалуын қамтамасыз етуді реттеуші негізгі құжаттар – Магистральдық құбырларды пайдалану кезіндегі

өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары [1], СТ 6636-1901-АҚ-039-2.006-2013 «Магистральдық мұнай құбырлары. От, газ қауіпті жұмыстарды және қауіптілігі жоғары жұмыстарды ұйымдастыру тәртібі» [2], СТ 6636-1901-АҚ-039-2.005-2012 «Мердігер ұйымдарға қойылатын талаптар» [3].

18. Қоғамның өндірістік нысандарында жұмыстарды жүзеге асырушы Қоғамның барлық жұмыскері, сондай-ақ мердігерлердің барлық жұмыскері ауа райы жағдайына, тиістілік нормаларына және орындайтын жұмыстың түрлеріне сәйкес арнайы киімді және арнайы аяқ киімді киюге міндетті, бастарына каска, көзіне қорғаныш көзілдірік киюлері тиіс.

19. Арнайы жұмыстарды орындаған жағдайда (биікте, электр желілерінде, жабық кеңістіктерде және т.б.) орындалатын жұмыстар түрлеріне сәйкес қосымша қорғаныш құралдарын қолдану міндетті.

20. Барлық жұмыс мынадай шарттар сақталған ретте орындалуы тиіс:

1) жұмыстарды орындаушылардың тиісті біліктілігі болуы, еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау, өрт және өнеркәсіп қауіпсіздігі саласында оқытылуы және аттестатталуы, дәрігерге дейін медициналық көмек көрсету әдісіне үйртілуі, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу нұсқаулықтарымен таныстырылуы, денсаулық жағдайына қарай жұмыстарды орындауға жіберілуі, жұмыс орнында нұсқамалықтан өткізілуі тиіс;

2) жұмыстардың басшылары мен орындаушылары қолданылатын айлабұйымдар мен құралдарды қауіпсіз пайдалану қағидаларымен белгіленген тәртіпте таныстырылуы тиіс;

3) аса қауіпті жұмыстар оларды жүргізуге Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес пұрсат беру іс-шаралар кешені жүргізілгеннен кейін ғана орындалады;

4) жұмыс орнын дайындауға арналған құжаттарды ресімдеу басталғанға дейін бар және ықтимал қауіпті әрі зиянды жағдаяттарға міндетті түрде талдау жасалуы, барлық қатерлер бағалануы, олар бойынша жұмыстарды қауіпсіз жүргізуге арналған бақылаудың қажетті шаралары анықталуы қажет;

5) нормалар талаптарына сәйкес жұмыс орындары дайындалған, жұмыс басшылары және жүргізушілері, бригада мүшелері нұсқамалықтан өткізілген соң және жұмыс орны қабылданып алынған соң жұмыстарға кірісуге рұқсат етіледі;

6) жеке және ұжымдық қорғаныш құралдары анықталған ықтимал қауіптер және жұмыстарды қауіпсіз жүргізуге қойылатын талаптар ескеріле отырып, қолданылады;

7) алкогольдік немесе есірткілік (уыттық) мас күйдегі адамдардың, сондай-ақ денсаулық жағдайы бойынша жұмыс орнында жұмыстарды орындауға жарамсыз адамдардың болуына жол берілмейді;

8) жұмыстар орындалатын жерге осы жұмысты орындаумен байланысы жоқ адамдардың келуіне жол берілмеуі тиіс;

9) жабдық, механизмдер, құралдар, айлабұйымдар жарамды күйде болуы, сынақтан өткізілуі, әлдебір бұзықтығы болмауы және олар арналған жұмыстар түрлеріне ғана қолданылуы тиіс.

21. Жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуші ұйымдық іс-шаралар:

1) жұмыстардың жүктелім-пұрсатпен немесе өкіммен, от жұмыстарын жүргізу құқығына рұқсатпен ресімделуі;

2) жұмысқа жіберу;

3) басқа жұмыс орнына ауыстыру;

4) жұмыстағы үзілістерді ресімдеу;

5) жұмыстардың аяқталуын ресімдеу.

22. Жұмыстардың қауіпсіздігі үшін жауаптылар:

1) жүктелім-пұрсат немесе рұқсат беруші, өкім беруші;

2) жұмыстардың басшысы;

3) жұмыстарды жүргізуші;

4) жұмыс орнын дайындаған кезекші немесе жедел қызметшілер адамы;

5) жұмыстарға жіберуші;

6) бақылаушы;

7) бригада мүшлері (жұмыстарды орындаушылар).

23. Жұмыстардың қауіпсіз орындалуы үшін жауаптылар міндетті:

1) жүктелім-пұрсаттың толтырылуының дұрыстығын және жұмыс орнының дайындығының толықтығын тексеруге;

2) орындаушылар санын тексеруге, олар тапсырманы қауіпсіз орындау үшін жеткілікті болуы тиіс;

3) орындаушылар жұмыстарды қауіпсіз жүргізу шараларына белгіленген тәртіпте үйретілгеніне және жұмыстарға жіберілгеніне көз жеткізуге;

4) жұмысқа жіберер алдында орындаушыларды осы жұмысты орындаудың қауіпті жағдаяттары туралы, сондай-ақ жұмыстарды орындау үдерісінде туындауы мүмкін жағдаяттар, ажырататын құрылғылардың, басқару және реттеу органдарының орналасқан жерлері, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу шаралары, апатты ахуал болған жағдайдағы іс-әрекеттер туралы нұсқамалықтан өткізуге;

5) орындаушыларды жеке және (немесе) ұжымдық қорғаныш құрадарымен, арнайы киіммен және арнайы аяқ киіммен толық көлемде қамтамасыз етуге, олардың дұрыс қолданылуын қадағалауға;

6) жұмыс орнының дайындалуының дұрыстығын, қолданылатын құралдың және айлабұйымның жарамдылығын және жұмыстарды жүргізу үшін қажетті қауіпсіздік шараларының орындалуын тексеруге;

7) жұмыскерлер жұмыс істеп тұрған жабдыққа және коммуникацияларға қауіпті қашықтықта жақындамауын қадағалауға;

8) қызметшілердің жұмыс орынан қауіпсіз өтуін қамтамасыз етуге;

9) қоршаулардың және ескертуші қауіпсіздік белгілерінің сақталуын қамтамасыз етуге.

24. Жұмыстарды орындаушы міндетті:

1) жұмысқа кірісу алдында және жұмыс уақытында алынған нұсқамалықтан алған еңбек қорғау жөніндегі нұсқаулықтар талаптарын және қауіпсіздік шаралары бойынша нұсқауларды орындауға;

2) берілген қорғаныш құралдарын, арнайы киімді қолдануға;

3) пайдаланылатын құрылдың және айлабұйымдардың жарамдылығын тексеруге;

4) жұмыстарды пайдаланудың қауіпсіздігі ережелерін мүлтіксіз сақтауға;

5) жұмыскерлердің жарақаттануына немесе апатқа алып келуі мүмкін қауіпті жағдаяттар туындаған кезде бұл факті туралы тікелей басшыға дереу хабарлап, жұмысты тоқтатуға.

25. Өндірістік үй-жайлардың және құрылыстардың ішіндегі де, оларға жалғасатын аумақта сыртындағы да барлық жаяу жүретін және көлік жүретін, кіретін және шығатын жолдар жаяулардың және көліктердің еркін әрі қауіпсіз қозғалуы үшін жарықтандырылады. Өтетін жолдар бөгетілмейді және жүктер жинау үшін пайдаланылмайды.

26. Жаяу жүретін, көлік жүретін, өтетін жолдар, сондай-ақ басқыштар, алаңқайлар, таяныштар барлық уақытта жарамды күйде және таза, ал ашық ауада тұрғандары қардан және мұздан тазартылған және құм себілген болуы тиіс. Алаңқайлар мен өтетін жолдар төсеніштері, сондай-ақ таяныштар оларға сенімді бекітіледі. Жөндеу кезеңінде алынған таяныштар орнына уақытша қоршау жасау керек. Жөндеу уақытына алынған таяныштар мен төсеніштер ол біткеннен кейін орнына орнатылады және жақылап бекітіледі.

27. Адамдардың өміріне және денсаулығына тікелей қатер төнетін жағдай туындаған кезде жұмыстар қатер жойылғанша тоқтатылуы және жұмыстарды қауіпсіз орындау үдерісі қамтамасыз етілуі тиіс.

## **6. ҚАУІПТІЛІГІ ЖОҒАРЫ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ**

### **6.1. Жол жүрісінің қауіпсіздігі**

28. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметі «Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен [4], Жол жүрісі қағидаларымен [5], СТ 6636-1901-АҚ-039-2.002-2016 «Магистральдық мұнай құбырлары мен суағызғылар. Автокөлік, трактор және арнаулы техника. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар кешенін ұйымдастыру мен басқару» [6] стандартымен реттеледі.

29. Барлық көлік құралы қауіптілігі жоғары нысандар екендігін есте ұстау керек.

30. Көлік құралдарын пайдалану мына жағдайларды сақтай отырып қана жүзеге асырылуы тиіс:



1) көлік құралының кезеңдік техникалық қызмет көрсетуден және сапар алды техникалық қараудан өткізілуі, құрылымдық бөлімше басшысының бұйрығымен нақты бір жүргізушіге бекітілуі, ол көлік құралының осы тұрпатын жүргізуге үйретілуі, тағылымдамадан өтуі және тиісті санаттағы жүргізуші куәлігінің болуы;

2) жолаушылар саны мен тасылатын жүктердің сипаттамасы көлік құралын жасаушы зауыттың техникалық шарттарына сәйкес келуі;

3) жүргізушілердің сапар алды медициналық куәландырудан өтуі, медициналық қарсы көрсетілімнің болмауы, алкоголь, есірткі және психотроптық заттардың немесе медициналық дәрмектердің әсерінде болмауы, шаршау болмауы;

4) қауіпсіздік белдігінің орнатылуы, жұмысқа жарамды жағдайда болуы әрі жүргізушінің және барлық жолаушының пайдалануы;

5) көлік құралының жүрісі белгіленген шектеуден аспайтын жылдамдықпен, бұл ретте жүрістің жиілігі, көлік құралының және жүктің ерекшелігі мен күйі, жол мен метеорологиялық жағдай, атап айтқанда жүріс бағытындағы көру ескеріле отырып, жүзеге асырылуы тиіс.

6) жүріс бағытын құрылымдық бөлімшенің уәкілетті жұмыскерлерінің әзірлеуі және келісуі;

7) көлік құралы транкингік байланыс және GPS стансаларымен жабдықталған болуы тиіс, өшірілген немесе бұзық жүйелермен жүруге жол берілмейді;

8) көру нашар, аяз кезінде елді мекендер аумағынан тыс жүріске кемінде екі машинадан тұратын колоннамен ғана рұқсат етіледі;

9) сыртқы ауа  $-30^{\circ}\text{C}$ -тан төмен болған кезде апаттық ахуалдарды жою жағдайларын қоспағанда дизельді қозғалтқыштардағы автотехниканың елді мекендер аумағынан тыс шығуына жол берілмейді, апатты жою кезінде жүріс машиналар колоннасымен жүзеге асырылуы тиіс, олардың біреуі бензинді қозғалтқышта болуы тиіс.

31. Көлік құралын басқару кезінде тиым салынады:

1) ұтқыр байланыс құралдарын (қалта телефондары және т.б.) пайдалануға;

2) таяу жарық фаралары немесе қозғалыс оттары өшіріліп жылжуға;

3) жылдамдықтың белгіленген шектеулерін асыруға.

32. Жолаушыларды, жүктерді қауіпсіз тасымалдау үшін жауапты адам – осы көлік құралын басқаратын жүргізуші.

## 6.2. Электр қауіпсіздігі

33. Электр қондырғыларын, жұмыс істеп тұрған және қайта құрылатын электр желілерін пайдаланумен, жөндеумен, құрастырумен, баптаумен және сынаумен байланысты барлық жұмыс Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына [7] қатаң сәйкестікте жүзеге асырылуы тиіс.

34. Өндірістік қызметі электр қондырғыларымен байланысты жұмыскерлер өз қызметтерін электр техникалық (электр технологиялық) қызметшілер бойынша пұрсат ету тобына сәйкес жүзеге асырады.

35. Жұмыскерлердің орындайтын жұмысқа сәйкес кәсіби даярлығы болуы міндетті.

36. Электр қондырғылары сынақтан өткізілген, пайдалануға дайын қорғаныш құралдарымен жинақталады.

37. Жұмыс істеп тұрған электр қондырғыларындағы жұмыс наряд-пұрсатпен, өкіммен ресімделеді және Қағидалар талаптарына сәйкес ағымдық пайдалану тәртібінде жүргізіледі.

38. Жұмыс орнын кернеуді алуды талап ететін жұмыстарды орындауға дайындау кезінде мынадай техникалық іс-шаралар орындалады:

1) коммутациялық аппаратураны қажетті ажырату жүргізіледі және оның жаңсақ немесе өздігінен қосылуына кедергі жасайтын шаралар қабылданады;

2) коммутациялық аппаратураны қолмен қосу жетектеріне және қашықтан басқару кілттеріне қауіпсіздік плакаттары ілінеді;

3) ток жүретін бөліктерде кернеудің жоқтығы тексеріледі, олар адамдарды электр тогының ұруынан сақтау үшін жерге тұйықталады;

4) жерге тұйықтау орнатылады;

5) жұмыс орындары немесе кернеуде тұрған ток жүретін бөліктер қажет болған ретте қоршалады, қоршауларға қауіпсіздік плакаттары ілінеді. Ток жүретін бөліктер жергілікті жағдайға қарай олар жерге тұйықталғанға дейін немесе содан кейін қоршалады.

39. Жұмыс орындарын дайындау кезінде ажыратылады:

1) жұмыс жасалатын ток жүретін бөліктер;

2) адамдар, механизмдер және жүк көтеретін машиналар Қағидаларда көрсетілгеннен кем қашықтықта кездейсоқ жақындауы мүмкін қоршалмаған ток жүретін бөліктер;

3) ажыратылған жоғары вольтті желідегі жұмыс кезінде, осы жоғары вольтті желі элементтерінің кернеуде тұрған жоғары вольтті басқа желілердің ток жүретін бөліктеріне Қағидаларда көрсетілгеннен кем қашықтықта жақындауы мүмкін екендігі жойылмаған кезде, басқа желілер ажыратылады.

40. Құбырлардың желілік бөлігінде ажыратылатын нысандардың кедергі жасайтын бөліктеріне құлып орнату міндетті. Кедергілерді, ескерту белгілерін алуға (ажыратуға) және жабдықтарда барлық жұмыс толық аяқталғанша жабдықтарды қуат көздеріне қосуға тиым салынады.

### **6.3. Айналатын механизмдер**

41. Айналатын механизмдерді пайдалану мына жағдайлар сақталған кезде жүзеге асырылуы тиіс:

1) қоршаулардың және қаптамалардың болуы қамтамасыз етілуі;

2) қоршаудың іске қосатын батырмамен жарақталуы немесе жабдықты іске қосу қолмен басқаруға көшірілуі;

3) белгі беру бояуы жағылуы және ескерту қауіпсіздік белгілерінің болуы;

4) қоршаудың жылдам алынуы және құрастырылуының ыңғайлылығы;

5) қорғаныш экрандарының орнатылуы;

6) дереу ажырату мүмкіндігінің көзделуі (әдеттен тыс ахуалдарда).

42. Қорғаныш құрылғылары және айлабұйымдар болмаған немесе бұзық кезде пайдалануға тиым салынады.

43. Айналатын механизмдерді жөндеу жүктелім-пұрсат ресімделе отырып қана жүзеге асырылады.

44. Айналатын механизмдерді жөндеуге дайындау жүктелім-пұрсатта көрсетілген жұмыстарды жүргізу шарттарына сай жүзеге асырылады. Бұл ретте механизм тоқтатылады және бекітіледі. Механизм электр қозғалтқышының және темір арқау жетектерінің кернеуі алынады, ал электр қозғалтқыштың қоректендіруші кабелі жерге тұйықталады.

45. Айналатын механизмде және электр қозғалтқышта жалғастырғыш ажыратылады.

46. Механизмнің ілмек темір арқауы (ысырмалары, жапқыштары, сұқпажапқыштары, қақпақшалары және т.б.) жұмыстарды қауіпсіз орындауды қамтамасыз ететін жағдайда орнатылады.

47. Темір арқауды басқару жетектерінің тұтқалары шынжырдың немесе басқа да құрылғылардың және айлабұйымдардың көмегімен құлыппен жабылады. Механизмнің ажыратылған жетектерінде және іске қосу құрылғысында кернеу беруге және ілмек темір арқауды қосуға жол бермейтін белгілер, ал жұмыс жүргізілетін орында «Осы жерде жұмыс істеу керек» деген қауіпсіздік белгісі ілінеді.

48. Электр жетекті айналатын механизмдерді жөндеуге шығару кезінде электр қозғалтқыштан және темір арқау электр жетектерінен кернеуді алуды электр техникалық қызметшілер жүргізеді.

#### **6.4. Тұйық кеңістікте (сұйыққоймаларда, құдықтарда, ыдыстарда және т.б.) жұмыс істеу**

49. Тұйық кеңістікте және сұйыққоймаларда жұмыс жүктелім-пұрсат бойынша ғана орындалады.

50. Жер асты имаратында немесе сұйыққоймада жұмыс басталғанға дейін және жұмыс кезінде оны табиғи және мәжбүрлі желдету қамтамасыз етіледі.

51. Имарат немесе сұйыққойма ауасында мейлінше ықтимал зиянды заттардың болуы газталдауышпен анықталады. Ауа сынамасы имарат немесе сұйыққойма қақпағы арқылы түсірілетін түтік көмегімен алынады.

52. Ауа сынамасы имараттың немесе сұйыққойманың жоғарғы және төменгі аймақтарынан мейлінше нашар желдетілетін орындардан алынады.

53. Имараттағы немесе сұйыққоймадағы (отын мен майды сақтауға арналған сұйыққоймалардан басқа) жұмысқа олардағы ауа температурасы 32°C-тан жоғары болған кезде айрықша жағдайларда ғана (апат болып, егер ол адамдардың өміріне, жабдықтың және басқаның бүлінуіне қатер төндірсе) жұмыстар жетекшілерінің рұқсатымен және оның тікелей басшылығымен, қызметшілердің күйіп қалуын болдырмау үшін қажеті шаралар қабылдана отырып қана жол беріледі.

54. Жер асты имаратында немесе сұйыққоймада сұйық орта болған ретте резеңке аяқ киімді қолдану қажет.

55. Газ, мұнай, қышқыл және басқа да белсенді заттар таралуы мүмкін құбырлар имараттарындағы немесе сұйыққоймаларындағы жұмыстарға қызметшілерді жіберер алдында олар ажыратылады және олардың ернемекті жалғасқан жерлеріне бітеуіш орнатылады, ал жабық темір арқауға «Ашпаңыздар, адамдар жұмыс істеп жатыр» деген қауіпсіздік белгілері ілінеді.

56. Ұзындығы немесе тереңдігі үлкен имараттағы немесе сұйыққоймадағы жұмыс кезінде жұмыс істеп жатқандарды көзбен бақылап тұру мүмкін болмаған ретте олармен байланыс жарылыстан қорғалған қабылданған белгілер немесе байланыс құралдары арқылы ұйымдастырылады.

57. Жұмыстар басталғанға дейін газтұмша мен түтіктердің жарамдылығын тексеру қажет. Ауа мәжбүрлеп берілетін газтұмшада ауаүрлегіш пен оның жетектерінің жарамдылығы тексеріледі.

58. Жұмыскерлер тартылған тұйық кеңістіктегі жұмыстар оларды адам қатыстырмай орындаудың қолайлы балама тәсілі болмаған жағдайда мына шарттар сақтала отырып жүргізілуі тиіс:

1) қуат көздерінің және технологиялық коммуникациялардың барлық түрі ажыратылуы;

2) жұмыстар жүргізілетін орынға ол жерде қалыпты ауа жағдайын қамтамасыз ететін таза ауаны үздіксіз кепілді берудің қамтамасыз етілуі;

3) ауа жағдайын бақылаудың қамтамасыз етілуі;

4) бақылаушылардың тиісті санының татылуы;

5) тұйық кеңістік жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуі үшін дайындалуы, оның ішінде жерге тұйықтау талабы міндетті сыйымдылықтың және жабдықтың жерге тұйықталуы;

6) жұмыстар жүргізу орнына жақын жерде дабыл және байланыс (жарық, дыбыс) құралдарының, қажет болған ретте радио байланыстың болуы;

7) сырттан зиянды және жарылыс-өрт қауіпті булардың және газдардың таралу мүмкіндігін болдырмау;

8) тұйық кеңістікте барлық жұмыс істеушіде түтікті немесе окшаулаушы газтұмшалардың «дайын» жағдайда болуы;

9) көрудің немесе жарық берудің жақсы болуы;

10) барлық қолданылатын құрал мен айлабұйым ұшқыннан тұтанудан қауіпсіз болуы тиіс;

11) сыйымдылықта әрбір жұмыс істеушіде белгі беру-құтқару арқаны бекітілген құтқару белбеуінің болуы және жұмыс істеушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басқа да шаралардың қабылдануы.

Жұмыс аяқталған соң қақпақты жапай тұрып ыдыстың немесе сұйыққойманың ішінде жұмысшылардың, құралдардың, айлабұйымдардың және бөтен заттардың жоқтығына көз жеткізу қажет. Жұмыс аяқталған соң қақпақтарды ашық қалдыруға жол берілмейді.

### **6.5. Қысыммен жұмыс істейтін құбырлар мен ыдыстар**

59. Қысыммен жұмыс істейтін бу және ыстық су құбырларын және су қайнататын қазандықтарды, ыдыстарды қауіпсіз пайдалану Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларымен [8] реттеледі.

60. Белсенді, тез тұтанатын, жанатын, жарылыс қауіпті немесе зиянды заттар құбырлары саңлаусыз болуы тиіс. Ықтимал жылыстау орындарында (шүмектер, қақпақшалар, ернемекті жалғасулар) қорғаныш қаптамалар, қажет болған ретте жылыстау өнімдерін олардан қауіпсіз жерге қотаратын арнайы қондырғылар орнатылады.

61. Ауық-ауық қарап тұруды талап ететін жабдық, темір арқау және аспаптар оларды күтім жасауға ыңғайлы орындарға орнатылады.

62. Кезекті куәландыру немесе ақау анықтау мерзімі біткен соң сенімді де қауіпсіз жұмыс істеуді бұзу қатері бар нысандарды оларды қорғайтын және деңгейін реттейтін бөлшектер болмаған және бұзық болған ретте пайдалануға тиым салынады, бұл туралы оның төлқұжатына жазылады.

63. Жабдықтардың және құбырлардың оларға тез тұтанатын, жанатын, жарылыс қауіпті немесе зиянды заттар тиюі ықтимал үстіңгі барлық ыстық жері осы заттардың сіңуін болдырмайтын жылу оқшаулағышпен қорғалуы үшін металл көмкермемен жабылады.

64. Жабдықтардың, құбырлардың, бактардың және басқа да бөлшектердің оларға жанасу күйдіруі мүмкін барлық ыстық жерінің жылу оқшаулағышы болуы тиіс. Оқшаулағыштың үстіңгі бетінің температурасы айнала ауа температурасы  $25^{\circ}\text{C}$  болған кезде  $45^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары болмауы тиіс.

65. Еден (жұмыс алаңы) деңгейінен 1,5 метрден жоғары биіктікте орналасқан жабдықтар бөлшектеріне қызметті қоршалған және сатылы орнықты алаңшаларда жасау керек.

### **6.6. Газ қауіпті жұмыстар**

66. Отын ретінде артық қысымы 1,2 МПа ( $12 \text{ кгс/см}^2$ ) аспайтын табиғи газбен және артық қысымы 1,6 МПа ( $16 \text{ кгс/см}^2$ ) аспайтын сығымдалған мұнай газымен жабдықталатын жүйелерді жобалауға, салуға және

пайдалануға нормалар Газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздігі жөніндегі талаптармен [9] белгіленеді.

67. Жұмыс аймағының ауасында шекті қалыптан артық шоғырланған зиянды заттар мөлшері болуы немесе жарылыс қауіпті қоспалар болуы мүмкін үй-жайлар (имараттар, учаскелер және т.б) газ қауіпті болады.

68. Газ жиналып қалған ортадағы немесе газ таралып кетуі ықтимал жұмыстар газ қауіпті болады. Оларды құрамы кемі екі жұмысшыдан тұратын бригада орындайды. Газ қауіпті жұмыстарды жүргізуге жүктелім-пұрсат беріледі.

69. Газ қауіпті жұмыстарды жүргізу кезінде мынадай талаптар сақталады:

1) жарықтың көшпелі көзі ретінде тек жарылыстан қорғалған шамдар қолданылады. Газ қауіпті жерлерде шамдарды жағуға және өшіруге, сондай-ақ ашық отты пайдалануға жол берілмейді;

2) құрал ұшқын шығуын болдырмайтын түсті металдан тұруы тиіс. Қара металдан жасалған құралды қолдануға да жол беріледі, бұл ретте оның жұмыс істейтін бөлігіне солидол немесе басқа жағармай жағылады;

3) қызметшілердің аяқ киімі болат тағасыз және шегесіз болуы тиіс, басқа жағдайда кебіс кию қажет. Синтетикалық материалдан киім-кешек киюге жол берілмейді;

4) ұшқын шығаратын электр бұрғыны және басқа да электрленген құралдарды, сондай-ақ айлабұйымдарды пайдалануға жол берілмейді.

## **6.7. Биікте жұмыс істеу**

70. Биіктегі жұмыстарға оларды орындау кезінде жұмыскер жерден 1,3 метр және одан жоғары биікте, жабында немесе жұмыс төсенішінде және биіктік бойынша құламадан кемі 2 метр қашықта тұрған жұмыстар жатады.

71. Биіктегі жұмыстарды орындауға арналған ағаштар, мінбелер және басқа да айлабұйымдар арнайы құрал болуы және үлгі жобалар бойынша дайындалуы тиіс.

72. Арнайы құрал ағаштардың, мінберлердің және қақпақтардың жасаушы зауыт (кәсіпорын) берген төлқұжаты болуы тиіс.

73. Арнайы құрал емес ағаштарға айрықша жағдайларда жол беріледі және олардың мығымдығына, сондай-ақ олардың барлық бөлшегінің беріктігіне есептеу болған ретте жеке жобамен жасалады.

74. Ағаш төсеніштерге, мінберлерге және жүк көтеретін алаңшаларға жүктеме жобамен (төлқұжатпен) жол берілгеннен, белгіленгеннен аспауы тиіс. Ағаштарға және мінберлерге жол берілетін жүктеме және оны орналастыру сызбасы көрсетілген плакттар ілінеді.

75. Биіктігі 4 метрге дейін ағаштар мен мінберлер оларды жұмыстар жетекшісі «Ағаштарды және мінберлерді қабылдау және қарау журналында» жазып, қабылдаған соң пайдалануға жол беріледі.

76. Бір ай және одан да артық жұмыс жүргізілмеген, сондай-ақ жауыннан немесе жылдың суық мезгілінде жылымықтан кейін діңі бұзылған ағаштар пайдалануға қайтадан қабылданады.

77. Кездейсоқ тіреуішпен (жәшіктермен, бөшкелермен, тақталармен және т.б.) жұмыс істеуге жол берілмейді.

78. Еден деңгейінен 1,3 метр және одан жоғары биікте тіреуішсіз қысқа мерзімді жұмыстар жүргізу (такелаж қондырғыларын ілу) кезінде сақтандырушы белбеулері қолданылады. Жұмыскерлерге қалай және қай жерден көтерілу, не нәрсеге сақтандыру белбеулерінің ілгектерімен беку керектігі туралы нұсқама беру қажет.

79. Сақтандыру белбеулерінде келесі сынақ күні туралы белгі бар тақташа болуы қажет. Сынақ жасау, сынақ мерзімінің өткені немесе қарау кезінде ақау табылғаны туралы белгілер жоқ ретте сақтандыру белбеулерін пайдалануға тиым салынады.

80. Биікте жұмыс істеу кезінде төмен түсу жолы ашық және қауіпті аймақ қоршалған болуы тиіс.

81. Тор алаңқайлардағы жұмыс кезінде одан құралдардың және материалдардың түсіп кетуін болдырмау үшін өтетін жолға тығыз тақтай төсем жасалады.

82. 4 метрге дейінгі биіктегі көлемі шағын әрі қысқа мерзімді жұмыстар басқыштарда және жима сатыларда орындалады.

83. Дәнекерлеу жұмыстары, электр және пневматика құралдарын қолданатын жұмыстар, сондай-ақ құрылыс-құрастыру пистолеттермен орындалатын жұмыстар сүйемелдеуші көшпелі басқыштарда және жима сатыларда жүргізілмейді. Мұндай жұмыстарды орындау үшін ағаш немесе жоғарыда алаңқайы бар, жақтаулармен қоршалған жима сатыларда орындалады.

84. Сүйемелдеуші басқышпен жүк көтеруге және түсіруге әрі онда құралды қалдыруға жол берілмейді.

85. Басқыш тепкішектерінде бар адамнан артық тұруға жол берілмейді.

86. Мына жағдайларда биікте жұмыс істеуге тиым салынады:

1) желдің күші 6 балл (10 – 12 м/с) және одан артық болуы;  
2) желдің жылдамдығы 8 м/с және одан артық болған кезде қолмен істеу тәсілімен сұйыққоймадағы мұнай өнімдері деңгейлерін өлшеуге және сынамалар алуға арналған жұмыстар;

3) мұз қатқанда;

4) найзағай кезінде;

5) көру жеткіліксіз жағдайларда.

## **6.8. Жүккөтергіш машиналар мен механизмдер**

87. Тиеу-түсіру жұмыстары Саймандармен және айлабұйымдармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік қағидаларның [10] және Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету

қағидаларының [11] талаптарына сай механикалық тәсілмен көтеру-көлік жабдықтарының және шағын механикаландыру құралдарының көмегімен орындалады.

88. Жұмыстарды жүккөтергіш машиналар мен механизмдерді пайдалана отырып орындау кезінде мыналарға жол берілмейді:

1) көтеруші құрылмалардың беріктігін алдын ала есептеп алмай аражабындарға, тіректерге және алаңшаларға жүк түсіруге және оларды жол берілетін жүктемеден артық жүктеуге;

2) ғимараттардың, құрылыстардың, құбырлардың құрылмаларына және осы мақсатқа арналмаған басқа жабдықтарға жүк ілуге;

3) крандар және машиналар жебелерінің астында, теміржол жолдарында, механизмдер мен крандар жолдарында, сондай-ақ қажет болмаса жұмыс істеп тұрған жылжымалы және орнықты механизмдерге (крандар, тиегіш машиналар, таспалы конвейерлер және өзгелері) жақын тұруға;

4) орларға құбыр немесе жабдықтар мен арматуралардың басқа бөлшектерін түсіру уақытында оның ішінде, сондай-ақ жабдықтар мен құбыр тораптары бекітілгенге дейін олардың астында тұруға.

89. Электр берудің әуе желісі күзет аймағында құрылыс машиналарында (жебелі жүккөтергіш крандарда, экскаваторларда, тиегіштерде және басқаларында) жұмыс істеуге жүктелім-пұрсат бойынша кернеуден ажыратылған жағдайда және осы желіні пайдаланушы ұйымның жазбаша келісімі болған жағдайда жол беріледі.

90. Егер әуе желісін кернеуден ажырату мүмкін болмаса, Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларымен [7] белгіленген жағдайларда күзет аймағындағы құрылыс машиналарында жұмыс істеуге жол беріледі.

91. Көлік құралдары мен механизмдерінің барлық түрінің жүргізушілері (машинистер) кім болғанда да «STOP» дабылдарын орындауы қажет.

92. Жүккөтергіш механизмдер (крандар, шығырлар, аспалар, тельферлер, жүк ұстаушы айлабұйымдар) қолданылатын тиеу-түсіру жұмыстары жарақат алу қаупінің ықтимал көздері болып табылады және олар мына ережелер сақталған жағдайларда жүргізілуі тиіс:

1) жүккөтергіш жабдық пен механизмдер жарамды, куәландырылған және белгіленген тәртіпте және мерзімдерде пайдалануға рұқсат етілген;

2) жүккөтергіш крандарды, алмалы-салмалы жүкұстағыш айлабұйымдарды және ыдыстарды қауіпсіз пайдалануды және жүктердің орнын ауыстырушы крандардың жарамды жай-күйде болуын және қауіпсіз жұмыс істеуін қадағалау жөніндегі жауапты адамдар белгіленген тәртіпте тағайындалған;

3) жұмыстарды орындаушылар (крандар машинистері, матаушылар және т.б.) белгіленген тәртіпте оқытылған және аттестатталған;



4) жүктерді матау схемалары әзірленген және жұмыстарды орындаушылардың назарына жеткізілген;

5) жүктің салмағы жүккөтергіш және жүкқармағыш жабдықтардың жол берілетін жұмыс жүктемесінен артпауға тиіс;

6) жүккөтергіш жабдықтарда орнатылған барлық қауіпсіздік құрылғысының тексерілуі, сынақтан өтуі және жұмыс істеуі;

7) әрбір жүк көтеру операциясының алдында жүккөтергіш және жүкқармағыш жабдықтарды қарап шығу;

8) жебелі өзі жүретін крандармен оның кез келген орналасуында, сондай-ақ жүктен 42В және одан артық кернеуде тұрған электр беру әуе желісінің ең жақын сымынан жерге кескін құрайтын көлденең жазықтыққа дейін кранның көтергіш жылжымалы бөлігінен 30 метрден жақын қашықтықта жұмыс істеуге жүктелім-пұрсат ресімделген;

9) крандарды еңістерге және шұңқырларға жақын орнату және оның жұмысы шарттары сақталған;

10) жүктерді жинау орындары мен ауқымы, оларға кіре беріс жолдар айқындалған.

93. Тыйым салынады:

1) астында адамдар болған жағдайда жүктердің орындарын ауыстыруға;

2) салмағы белгісіз жүктердің орындарын ауыстыруға;

3) жүктерді және адамдарды жылжыту мақсаттарына арналмаған жүккөтергіш механизмдермен орнын ауыстыруға;

4) қатып қалған немесе топырақтың астында қалған не құрылмалармен қысылып қалған жүкті көтеруге;

5) адамдардың кранның бұрылатын және бұрылмайтын бөліктері арасында қысылып қалуын болдырмау үшін олардың жұмыс істеп тұрған жебелі өзі жүретін және мұнаралы крандардың маңында тұруына;

6) тиісті бағыттаушы айлабұйымдар қолданылмай жүк арқандары көлбеу жағдайда болғанда кран ілмегімен жүкті жермен, еденмен немесе рельспен тартуға;

7) жүкпен қысылып қалған матауыштарды, арқандарды және шынжырларды кранның көмегімен босатуға;

8) жүкті көтеру, орнын ауыстыру және түсіру уақытында тиісті бағыттаушы айлабұйымдар қолданбай оны тартуға;

9) жылжытатын жүкті ілулі тұрғанда қолмен теңестіруге, матауыштарды түзетуге;

10) арнайы қабылдау алаңшасы немесе арнайы айлабұйымы жоқ терезе ойығына және балкондарға жүк беруге;

11) ақаулы қауіпсіздік аспаптары жағдайында жұмыс істеуге;

12) желдің жылдамдығы 10 м/с болғанда 10 м биіктікте жұмыс істеуге.

## 6.9. Тиеу-түсіру жұмыстары

94. Тиеу-түсіру жұмыстары жүргізілетін үй-жайлар мен алаңшалардың жарықтылығы МЕМСТ-85 «Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Құрылыс. Құрылыс алаңдарын жарықтандыру нормалары» [12] талаптарына сәйкес болуы тиіс.

95. Тиеу-түсіру жұмыстары әдеттегідей механикаландырылған тәсілмен көтеру-көлік жабдықтарының көмегімен орындалуға тиіс.

96. Тиеу-түсіру жұмыстарына жауапты адам жүк көтергіш механизмдердің, такелаждардың, айлабұйымдардың, тақтай тұғырлардың және өзге де тиеу-түсіру мүқаммалының жарамдылығын, сондай-ақ жұмыскерлерге олардың міндеттерін, операцияларды орындау реттілігін, берілетін дабылдардың мәнін және тиеуге (түсіруге) берілген материалдың қасиетін тексеруге міндетті.

97. Тиеу-түсіру жұмыстарының механикаландырылған тәсілі салмағы 50 кг-нан артық жүктер үшін, сондай-ақ жүктерді 2 м артық биіктікке көтеру кезінде міндетті.

98. Тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу орындарында және жүк көтергіш машиналардың жұмыс аймағында осы жұмыстарға тікелей қатысы жоқ адамдардың болуына тыйым салынады.

99. Жүктің құлауы және түсіп кетуі мүмкін аймақтарда адамдардың болуына және көлік құралдарының жүруіне тыйым салынады.

100. Автомобиль жүргізушілеріне арнайы дайындықты талап ететін жұмыстарды қоспағанда, олардың келісімімен бір жүк орнының салмағы ерлер үшін – 20 кг және әйелдер үшін – 10 кг артық болмайтын жүктерді тиеу және түсіру жұмыстарын жүргізуге рұқсат етіледі.

101. Автомобиль шанағының және платформасы еденінің биіктігі әркелкі болған жағдайда сатылар қолданылуы тиіс.

102. Қауіпті жүктермен тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу кезінде мақсатты нұсқаманы жұмыстарды бастау алдында жүргізу керек. Нұсқама бағдарламасына қауіпті жүктердің қасиеттері туралы мәліметтер, олармен жұмыс істеу қағидалары, дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету шаралары кіргізілуі тиіс.

103. Химиялық заттардың (отын, реагенттер, жағармайлар және т.б.) қауіпсіздік төлқұжаты болуы тиіс.

104. Ыдыстың белгіленген тәртіпте бекітілген нормативтік-техникалық құжаттама талаптарына сәйкессіздігі, ыдыстың жарамсыздығы байқалған, сондай-ақ онда таңбасы және алдын алу жазбалары болмаған жағдайда қауіпті жүктермен тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді.

105. Тиеу-түсіру жұмыстарын жүк көтергіш крандар қолданып жүргізу кезінде оның иесі және жұмыстарды жүргізуші ұйым қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мына талаптарды орындауға міндетті:

1) жұмыстар жүргізілетін орында жұмыстарға қатысы жоқ адамдардың болуына жол берілмейді;

2) автомашина шанағында немесе кабинасында адамдар болған кезде автомашинаға жүк түсіруге рұқсат етілмейді.

106. Такелаж жұмыстарын немесе жүктерді матауды арнайы оқудан, білім тексеруден өткен және осындай жұмыстар жүргізу құқығына куәлігі бар адамдар орындауға тиіс.

### **6.10. От жұмыстары**

107. От жұмыстарын жүргізу кезінде Өрт қауіпсіздігі қағидаларын [13], ҚР ҚҚ 1.03-106-2012 «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер. Қазақстан Республикасы қағидаларының жиынтығы. Құрылыстағы еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасын» [14] және ҚР ҚН 1.03-12-2011 «Электрмен дәнекерлеу және газ-от жұмыстарын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидасын» [15] басшылыққа алу қажет.

108. Дәнекерлеу және басқа да от жұмыстарын белгіленген тәртіпте өрт қауіпсіздігі шараларын өрт-техникалық минимум көлемінде оқыған және өрт қауіпсіздігі қағидасының талаптарын білуі бойынша есептер тапсырған адамдар жүзеге асырады.

109. Уақытша (бір реттік) от жұмыстарын жүргізуге рұқсат бір жұмыс ауысымына ғана беріледі. Бірнеше ауысым немесе күн ішінде бірдей жұмыстар жүргізілген ретте нысан әкімшісінен қайтадан рұқсат алу талап етілмейді.

110. От жұмыстарын жүргізу орны алғашқы өрт сөндіру құралдарымен (өрт сөндіргіш, құм салынған жәшік және күрек, су толтырылған шелек) қамтамасыз етіледі. Нысанда ішкі өртке қарсы су құбыры болған ретте от жұмыстарын жүргізу орнына өрт крандарының ұңғысы бар өрт құбырлары төселеді. Барлық жұмысшы алғашқы өрт сөндіру құралдарымен пайдалана білуі тиіс.

111. Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтардың, жанғыш газдардың булары жиналып қалатын үй-жайлар от жұмыстарын жүргізу алдында желдетіледі.

112. От жұмыстарының алдында және оны жүргізу уақытында осы жұмыстар жүргізілетін технологиялық жабдықтағы және қауіпті аймақтағы бу-газ-ауа ортасының жай-күйін бақылау жүзеге асырылады.

113. қауіпті аймақта немесе технологиялық жабдықта жанғыш заттардың құрамы көбейген немесе жарылғыш заттың концентрациясы бу (газ) концентрациясының шекті жол берілетін жарылу қауіпсіз мәніне дейін азайған жағдайда, от жұмыстары тез арада тоқтатылады.

114. От жұмыстарын жүргізу кезінде мыналарға жол берілмейді:

1) ақаулы аппаратура жағдайында жұмысқа кірісуге;

- 2) жанғыш бояулармен (лактармен) жаңа боялған құрылымдар мен бұйымдарда от жұмыстарын жүргізуге;
- 3) май, тоң май, бензин, керосин және басқа да жанғыш сұйықтықтар ізі бар киімді және қолғапты пайдалануға;
- 4) дәнекерлеу кабиналарында киімді, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды және басқа да жанғыш материалдарды сақтауға;
- 5) біліктілік куәлігі және өрт қауіпсіздігі техникасы жөніндегі талоны жоқ шәкірттерге, сондай-ақ жұмыскерлерге өздігінен жұмыс істеуге;
- 6) сығылған, сұйытылған және еріген газдары бар баллондармен электр сымдарының жанасуына;
- 7) жұмыстарды жанғыш және улы заттармен толытырылған, сондай-ақ қысымның және электр кернеуінің астында тұрған аппараттарда және коммуникацияларда жүргізуге;
- 8) от жұмыстарын шатырда су оқшаулау және бу оқшаулау құрылғыларымен, панельдерді жанғыш және тез жанбайтын жылытқыштармен құрастырумен, еден жабындарын желімдеумен және үй-жайды жанғыш лактар, желімдер, шайыр және басқа да жанғыш заттар қолдану арқылы өңдеумен бір мезгілде жүргізуге;
- 9) жабық сыйымдылықтар мен үй-жайлар ішінде электрмен дәнекерлеуішпен және газбен дәнекерлеуішпен(газ кескішпен) бір мезгілде жұмыс істеуге.

### **6.11. Қазандықтардағы жұмыстар**

115. Қазандықтардағы жұмыстарды дайындау және жүргізу кезінде ҚР ҚЕ 1.03-106-2012 «Сәулет, қалақұрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер. Қазақстан Республикасы ережелері жиынтығы. Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын» [14] басшылыққа алу қажет. Қазандықтардағы жұмыстарды дайындау және жүргізу кезінде ҚР ҚҚ талаптарын басшылыққа алу қажет.

116. Жұмыс орындарын шұңқырлар мен орларда орналастырумен байланысты жер және басқа да жұмыстарды орындау кезінде жұмыс сипатымен байланысты мына қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың жұмыскерлерге әсер етуінің алдын алу жөніндегі іс-шараларды көздеу қажет:

- 1) опырылатын тау жыныстары (топырақ);
- 2) құлап кететін заттар (тау жыныстарының кесектері);
- 3) қозғалыстағы машиналар мен олардың жұмыс органдары, сондай-ақ олар қозғалтатын заттар;
- 4) жұмыс орнының құламаға жақын жерде 1,3 м және одан биікте орналасуы;
- 5) электр тізбегіндегі тұйықталуы адам денесі арқылы өтуі мүмкін жоғары кернеудің болуы;
- 6) химиялық қауіпті және зиянды өндірістік факторлар.

117. Қауіпті және зиянды өндірістік факторлар болған кезде, жер жұмыстарының қауіпсіздігі ұйымдастыру-технологиялық құжаттамадағы (құрылысты ұйымдастыру және жұмыстарды жүргізу жобаларындағы ж.т.б.) еңбек қорғау жөніндегі мынадай шешімдерді орындау негізінде қамтамасыз етілуі тиіс:

1) машиналар мен топырақтың жүктемесін ескеріп, қазаншұңқырлардың, орлардың (бұдан әрі – оймалардың) бекітілмеген еңістерінің қауіпсіз құлдығын анықтау;

2) қазаншұңқырлар мен орлардың қабырғаларын бекіту құрылмаларын анықтау;

3) топырақты өңдеу үшін қолданылатын машиналар түрін және оларды орнату орындарын таңдау;

4) маусымдық өзгерістерге байланысты еңістердің орнықтылығын бақылау және қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар;

5) қазаншұңқырлар мен орлар, сондай-ақ жұмыскерлердің жұмыс орындарына түсетін басқыштары орнатылатын орындарды және олардың қоршауларының түрлерін анықтау.

118. Кернеуі жоғары кабельдерді, жұмыс істеп тұрған газқұбырын, басқа да коммуникацияларды қорғау аймақтарында, сондай-ақ топырақтың патогенді ластануы ықтимал учаскелерде (үйінділер, мал қорымдары, зираттар ж.т.с.с.) жер жұмыстарын жүргізуді осы коммуникацияларды пайдаланушы ұйымнан немесе халықтың санитарлық-эпидемиологиялық аман-саулығы саласындағы мемлекеттік органнан рұқсат алынған кейін жүктелім-рұқсат бойынша жүзеге асыру қажет.

119. Бұл жағдайларда жұмыстарды жүргізуді жұмыстардың жетекшісінің, ал кернеудегі кабельдерді немесе жұмыс істеп тұрған газқұбырын қорғау аймақтарында сонымен қатар осы коммуникацияларды пайдаланушы ұйымның жұмыскерлерінің қадағалауымен жүзеге асыру қажет.

120. Жоспарларда белгіленбеген кабельдер, құбырлар, жерасты құрылыстары, сондай-ақ оқ-дәрілер табылған кезде, жер жұмыстарын табылған құрылыстардың иелігі анықталып, тиісті ұйымдардан жұмыстарды жалғастыруға келісім алынғанға дейін тоқтатқан жөн.

121. Топырақтың шайылуын, көшкіннің пайда болуын, ойма қабырғаларының құлауын болдырмау мақсатында жер жұмыстарын жүргізу басталғанға дейін жерүсті мен жерасты суларын бұру қажет. Жұмыстарды жүргізу орны қойтастардан, ағаштардан, құрылыс қалдықтарынан тазартылуы қажет.

122. Жұмыс істеп тұрған жерасты коммуникацияларға жақын орналасқан топырақты игеруді соққыш құралдардың көмегінсіз, тек күректің көмегімен ғана жасауға жол беріледі. Оймалардың механикалық зақымдардан қорғалмаған, жұмыс істеп тұрған коммуникациялармен қиылысатын жерлерінде жер қазу машиналарын қолдануға

коммуникациялардың иелері болып табылатын ұйымдардың келісімімен рұқсат етіледі.

123. Жұмыскерлерге тереңдігі 1,3 м асатын оймаларда жұмыс істеуге рұқсат берер алдында жауапты тұлға еңістердің жағдайын, сондай-ақ ойма қабырғаларының бекітілу сенімділігін тексеруі тиіс.

124. Еңістерде табылған қойматастар мен тастар, сондай-ақ топырақтың қыртысталуы жойылуы тиіс.

125. Жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, еңіс топырақтарының жағдайы және «қабақтар» немесе сызаттар (қыртысталу) байқалған жерлердегі орнықсыз топырақтың бұзылуы үшін жауапты тұлғаның мұқият тексеруінен кейін ғана ылғалдануға ұшыраған еңістері бар оймалардағы жұмыстарға жұмыскерлерді жіберуге рұқсат етіледі.

## **6.12. Өндірістік нысандар алаңдарына қойылатын талаптар**

126. Өндірістік нысандар алаңдарына қойылатын талаптар ҚР ҚЕ 1.03-106-2012 «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер. Қазақстан Республикасы ережелерінің жиынтығы. Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасымен» [14] реттеледі..

Өндірістік аумақтардың жайғастырылуы, оларды техникалық пайдалану жалпы нысандағы еңбекті қорғауды және қауіпсіздік техникасын айқындайтын құрылыс нормалары мен ережелерінің, мемлекеттік стандарттардың, санитарлық, өрт қауіпсіздігі, экологиялық және басқа да нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жабдықталады.

127. Бөтен адамдардың кіруін болдырмау үшін өндірістік аймақтар мен жұмыс учаскелері қоршалады.

Қорғаныш қоршауларының құрылмалары мынадай талаптарды қанағаттандыруы тиіс:

1) өндірістік аймақтар қоршауларының биіктігі кемінде 1,6 м, ал жұмыс учаскелерінікі - кемінде 1,2 м болуы тиіс;

2) адамдардың жаппай өтетін жерлеріне жапсарлас қоршаулардың биіктігі кемінде 2 м болуы тиіс және тұтас қорғаныш маңдайшаларымен жабдықталуы тиіс;

3) маңдайшалар қардың салмағына, сондай-ақ дара ұсақ заттардың құлауына төзімді болуы тиіс;

4) қоршауларда жұмыс уақыты ішінде бақыланатын және жұмыс аяғында құлыпталатын дарбазалар мен қақпалардан басқа, ойықтар болмауы тиіс.

128. Қауіпті аймақтар шегінде адамдар өтетін жерлер қорғаныш қоршауларымен жабдықталады. Салынып жатқан ғимараттарға (құрылыстарға) кіреберістер жоғарғы жағынан ғимарат қабырғасынан ені кемінде 2 м маңдайшамен қорғалады. Маңдайша мен кіреберіс үстіндегі қабырға арасында құралатын бұрыш 70°тан 75°қа дейінгі бұрышпен орындалады.

129. Жабық үй-жайларда, биіктікте, жер астында жұмыстарды жүргізу кезінде өрт немесе апат туындаған жағдайда адамдарды көшіруге мүмкіндік беретін іс-шаралар көзделуі тиіс.

130. Өндірістік нысандарға кірер жерде материалдар мен құрылмаларды қоймалау орындары, көлік құралдарының айналма жолдары, өртке қарсы сумен жабдықтау нысандары және өзге де нысандар көрсетілген, құрылысшылық жолдар мен өтпелі жолдардың сызбалары орнатылуы қажет.

131. Өндірістік аумақтардың ішкі автомобиль жолдарын Қазақстан Республикасының Жол жүру ережелеріне сәйкес көлік құралдары мен құрылыс машиналарының қозғалысын реттейтін тиісті жол белгілерімен жабдықтау қажет [5].

132. Жер жұмыстарын жүргізу кезінде адамдар мен көлік қозғалысы жерлеріндегі қазаншұңқырлар, шұңқырлар, орлар мен жыралар МЕМСТ 12.4.059-89 (12.4.059-2002 ҚР СТ) «Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Құрылыс. Мүкәммал қорғанышалды қоршаулары. Жалпы техникалық ережелер» [16] сәйкес қоршалады.

133. Орлар, шұңқырлар, жыралар арқылы өтетін жерлерде екі жағынан биіктігі кемінде 1,1 м таяныштармен қоршалған, төменде 0,15 м биіктікке тұтас қаптамасы мен төсемнен 0,5 м биіктікке қосымша қоршау жиегі бар ені кемінде 1 м өтпе көпірлер орнатылады.

134. Өндірістік нысандарда, жұмыс учаскелері мен жұмыскерлердің жұмыс орындарында ас сумен қамтамасыз етіледі, оның сапасы МЕМСТ 274-82 «Ас су. Гигиеналық талаптар мен сапаны бақылау» талаптарына сай болуы тиіс [17].

135. Құрылыс алаңдары, жұмыс учаскелері мен жұмыс орындары, оларға апаратын жолдар мен аяқжолдар тәуліктің қараңғы уақытында МЕМСТ 12.1.046-85 «Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Құрылыс. Құрылыс алаңдарын жарықтандыру нормалары» [12] және ҚР ҚН 2.04-01-2011 «Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары. Табиғи және жасанды жарықтандыру» [18] сәйкес жарықтандырылуы тиіс. Жарықтандыру біркелкі, жұмыс істеушілерге жарықтандыру аспаптары мен құралдарының көзді қарықтандыратын әсерінсіз болуы тиіс.

Жарықтандырылмаған жерлерде жұмыстарды жүргізуге жол берілмейді.

136. Таза ауада жұмыс істеушілер үшін жауын-шашыннан паналау үшін қалқалар көзделеді.

137. Құдықтар, шурфтар мен басқа да оймалар қақпақшалармен, қалқандармен жабылады немесе қоршалады. Тәуліктің қараңғы уақытында аталған қоршаулар керенуі 42В-тен аспайтын электрлі сигнал шамдарымен жарықтандырылады.

138. Судағы немесе су астындағы жұмыстарды орындау кезінде құтқару стансалары (құтқару бекеттері) ұйымдастырылады. Судағы жұмыстарға қатысушылардың барлығы жүзе білуі тиіс және құтқару құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс.

139. Арқалықтарда, жабындарда 1,3 м асатын биіктікте және биіктік айырмалары шегінен 2 м-ден кем қашықтықта орналасқан жұмыс орындары мен оларға апаратын жолдар қорғаныш немесе сақтандырғыш қоршаулармен, ал 2 м-ден асатын қашықтықта – мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес сигнал белгілерімен қоршалады.

140. Төсем деңгейінен төменгі ойыққа дейінгі арақашықтық 0,7 м кем болса, біржақты төсем (арқалық) жапсарласқан қабырғалардағы ойықтар қоршалады.

141. Қорғаныш қоршауларын қолдану мүмкін болмаған ретте немесе экономикалық тиімсіз болған кезде жұмыстарды жүргізу құрылысшылар үшін сақтандырғыш белдіктері қолданылып, және биіктіктегі жұмыстарға арналған жүктелім-пұрсат ресімделіп, жол беріледі.

142. Биіктіктегі, төмендегі, жұмыс орындары астындағы жұмыстарды орындау кезінде қауіпті аймақтар бөлінуі қажет.

Бір тік сызық бойындағы жұмыстар қоса орындалған кезде төменде орналасқан орындар олардан тік сызық бойынша 6 м аспайтын арақашықта орнатылған тиісті қорғаныш құрылғыларымен (төсемдермен, торлармен, маңдайшалармен) жабдықталады.

143. Сырттан іске қосылатын жабдықтар қолданылатын жұмыс орындарында іске қосу туралы ескертетін дабылнама, ал қажет болған жағдайда – оператормен байланыс болуы тиіс.

### **6.13. Жабдықтар мен құбырларды сынау**

144. Жабдықтар мен құбырларды пневматикалық және гидравликалық сынаулар жүргізу кезінде жұмыскерлерге жұмыс сипатымен байланысты мынадай қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсерін алдын алу іс-шаралары көзделуі қажет :

- 1) опырылатын құрылмалар;
- 2) жұмыс аймағы ауасының жоғары деңгейде газдалғандығы;
- 3) тұйықталуы адам денесі арқылы өтуі мүмкін электрлі тізбектегі жоғары кернеу;
- 4) опырылатын тау жыныстары.

145. Жабдықтар мен құбырларды сынаулардың қауіпсіздігі ұйымдастыру-технологиялық құжаттамадағы (құрылысты ұйымдастыру, жұмыстарды жүргізу жобаларындағы ж.т.б.) еңбекті қорғау жөніндегі мынадай шешімдерді орындау негізінде қамтамасыз етілуі тиіс:

- 1) сынауларды жүргізу бағдарламасын айқындау;
- 2) орлардағы, құдықтардағы және биіктіктегі жұмыстарды орындау кезіндегі қауіпсіздік шаралары;
- 3) жабдықтар мен құбырларды пневматикалық сынау жүргізу кезіндегі айрықша қауіпсіздік шаралары, сондай-ақ жабдықты жүктемемен сынау.

146. Жабдықты сынау кезінде:



1) жұмыстардың жетекшісі сынауларға қатысатын персоналды жұмыстарды жүргізу тәртібімен және оларды қауіпсіз орындау іс-шараларымен таныстыруы;

2) іргелес учаскелерде жұмыс істеушілерді сынау жүргізу уақыты туралы ескерту;

3) жабдықтың бекітпелерін, оқшаулау мен электр бөлігінің жерге тұйықталуының жай-күйін, арматураның, іске қосу мен тежеу құрылғыларының, бақылау-өлшеу аспаптары мен бітеуіштердің бар-жоғын және оның жарамдылығын тексеруге көзбен көріп, ал қажет болған жағдайда аспаптардың көмегімен тексеру;

4) сынау аймағын тиісті белгілермен қоршап белгілеу;

5) қажет болған жағдайда апаттық дабылнаманы орнату;

6) сыналатын жабдықтың апаттық ажыратылу мүмкіншілігін;

7) жабдықтың іші-сыртында бөтен заттар болмау;

8) уақытша бітеуіштерді, люктер мен фланец жалғамаларын ескерту белгілерімен қамтамасыз ету;

9) қауіпті аймақ туралы ескерту үшін бір-бірінен көз көрерлік арақашықтықта, бірақ бір-бірінен әрбір 200 м-ден сиретпей бір бекет болатындай есеппен бекеттер орнату;

10) сынауға қатысушы адамдардың орындары мен онда болудың қауіпсіздік ережелерін айқындау;

11) өрт сөндіру құралдарын және өрт жою жұмыстарына қабілетті қызмет көрсетуші персоналды дайын күйге келтіру;

12) жұмыс орындарының кемінде 50лк жарықтандырылуын қамтамасыз ету;

13) сынау бағдарламаларымен көзделген қауіпсіздікті қамтамасыз ету іс-шараларын орындау үшін жауапты адамды белгілеу қажет.

147. Сынау барысында анықталған жабдықтағы кемшіліктерді жоюды жабдық ажыратылғаннан және толық тоқтағаннан, артық қысым алып тасталғаннан кейін жүргізу қажет.

148. Сынаудан кейін жабдықтар мен құбырларды үрлеп тазарту кезінде ашық люктер мен келтеқосықыштар алдына қорғаныш қоршаулар («экрандар») орнатылуы тиіс.

149. Төңіректегі адамдарға уақтылы ескертіліп, сынау жетекшісінен рұқсат алынғаннан кейін ғана жабдықты сынауды бастауға рұқсат етіледі. Жабдықты сынау барысында:

1) қорғаныш қоршауларын алып тастауға;

2) қақпақтарды, қоршуларды ашуға, жабдықты тазалауға және майлауға, оның қозғалмалы бөліктеріне қол тигізуге;

3) электр тізбектерін, электр жабдықтары мен автоматика аспаптарын тексеруге және түзетуге жол берілмейді.

### **6.14. Жайсыз температуралар кезіндегі жұмыс**

150. Жұмыс орындарында ауа температурасы 10°C-тан төмен болған кезде таза ауада немесе жылытылмайтын үй-жайларда жұмыс істеушілер жылынуға арналған үй-жайлармен қамтамасыз етіледі.

151. Қоршаған ауаның төмен температурасы жағдайында жұмыстар орындау кезінде мыналар қажет:

- 1) Жұмыстың ауысым кестесін сақтау;
- 2) ауысым уақытында жұмыскерлердің жылынуына арналған регламенттелген үзілісті сақтауға;
- 3) жұмыскерлерді қосымша суықтан қорғану жеке құралдарымен (бетті, жоғарғы тыныс жолдарын қорғау, үсіп қалудан сақтайтын жақпа) қамтамасыз етуге;
- 4) жұмыскерлердің жылынуына арналған үй-жайлардың немесе өзге орындардың жеткілікті мөлшерін ұсынуға;
- 5) жұмыскерлерді ыстық тамақпен және сусындармен қамтамасыз етуге.

152. Қоршаған ауаның жоғары температурасы жағдайында жұмыстар орындау кезінде мыналар қажет:

- 1) жұмыстың ауысым кестесін сақтауға;
- 2) ауысым уақытында жұмыскерлердің демалуына арналған регламенттелген үзілістерді сақтауға;
- 3) жұмыскерлерді ыстық өтуден және күнге күйден қосымша жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етуге;
- 4) жұмыскерлердің демалуына арналған үй-жайлардың (бастырмалар, салқындатылатын үй-жайлар және т.б.) немесе өзге орындардың жеткілікті мөлшерін ұсынуға;
- 5) жұмыскерлерді жаңа піскен тамақпен, ауыз судың және жуынатын судың жеткілікті мөлшерімен қамтамасыз етуге.

### **6.15. Денсаулық сақтау**

153. Жұмыскерлер міндетті:

- 1) өз денсаулығын сақтаудың қамын ойлауға;
- 2) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес алдын ала медициналық қараулардан өтуге;
- 3) медицина қызметкерлерінің, денсаулық сақтау органдары мен ұйымдарының жеке және қоғамдық денсаулыққа қатысты нұсқамаларын орындауға;
- 4) Өз денсаулығын және өзін қоршағандардың денсаулықтарын сақтау жөніндегі сақтық шараларын сақтауға, тексерулерден өтуге және медицина ұйымдарының талап етуі бойынша емделуге, жұқпалы ауыруы және қоршағандарға қауіп төндіретін аурулары туралы медицина қызметкерін хабардар етуге.

154. Филиалдар құрылымдық бөлімшелерінің басшылары міндетті:

1) санитарлық-індетке қарсы және санитарлық-алдын алу, зарарсыздандыру, дезинсекциялау және дератизациялау іс-шараларын жүргізуге;

2) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық амандығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің және гигиеналық нормативтердің, сондай-ақ мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың актілері мен санитарлық-эпидемиологиялық қорытындыларының талаптарын орындауға.

155. Кәсіби аурулардың алдын алу мыналарды қамтиды:

1) Ауру тәуекелі тәртіптік факторларының алдын алу және жұмыскерлердің медициналық сауаттылығын мынадай жолдармен арттыру:

саламатты өмір салтын және пайдалы тамақтануды насихаттау;

аурудың алдын алу мәселелері бойынша хабардар ету;

жұқпалы емес созылмалы аурулармен ауыратын адамдарды өзіне өзі көмектесудің қажетті тәсілдеріне үйрету;

2) жұмыскерлердің ауыруы факторлары тәуекелін алғашқы медициналық санитарлық көмек мамандарының, кәсіби ауруларын - халықтың санитарлық-эпидемиологиялық амандығы саласындағы қызметті жүзеге асырушы мемлекеттік органдар мамандарының бақылауы;

3) ауру қатері өндірістік факторларын мейлінше азайту;

4) жұқпалы емес созылмалы, оның ішінде кәсіби аурулармен ауыратын адамдарды жұмыскерлерді медициналық қарау өткізу, ертерек қаралуды уәждеу арқылы анықтау;

5) созылмалы, оның ішінде кәсіби аурулары бар адамдарды, жұмыскерлердің жекелеген санаттарын емханалық дәрімен қамтамасыз етуді, емдік қалпына келтіруді және медициналық-әлеуметтік оңалтуды қоса алғанда динамикалық бақылау және уақтылы;

6) денсаулығының жай-күйіне байланысты денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тәртіпке сәйкес медициналық қорытындыда көрсетілген мерзімге неғұрлым жеңіл жұмысқа уақытша ауыстыруға.

## **6.16. Тікұшақ пайдаланылған ұшулардың қауіпсіздігі**

156. Ұшуларды орындау кезінде АҚ СТ 38440351-4.010-2008 «Магистральдық құбырлар. Әуеден бақылауды» [19] басшылыққа алу керек.

157. Ұшу алдында әуе кемесінің барлық жолаушысы құтқару шаралары, ұшудың қауіпсіздігі, ұшу уақытындағы отырғызу, түсіру, орналастыру және тәртіп, жүкті тиеу, қозғалыс бағыты және ауа райы жағдайлары туралы нұсқаулықтан өтуі тиіс.

158. Магистральдық құбыр жолын тексеру жөніндегі бортоператорды қоса алғанда тікұшақтың барлық экипаж мүшесі, ұшу алдында медициналық қараудан өту керек.

159. Тікұшақтың экипаж мүшелері өздері үшін белгіленген жұмыс уақытының және демалыс уақытының (ұшу уақытының, ұшу алдындағы және ұшудан кейінгі демалыстың, кезекшілік өткізу тәртібін және т.б.) тәртіптемесін сақтауы тиіс.

160. Өрт пен жарылыс туындау мүмкіндігінің алдын алу үшін экипаж мүшелері өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауы және жолаушылар тарапынан олардың бұзылуына жол бермеуі тиіс.

161. Тікұшақтың ұшуы кезінде экипаж кабинасында да, жүк-жолаушы кабинасында да темекі тартуға жол берілмейді.

162. Ұшу кезінде түтін, ыс иісі немесе ашық жалын байқалған жағдайда, бұл туралы тікұшақ командиріне жедел хабарлауға және өрт көзін іздеуге әрі қол өрт сөндіргіштер мен басқа да қол жетімді құралдар көмегімен сөндіруге кірісу керек.

163. Түтін экипаж кабинасында пайда болған ретте магистральдық құбыр жолын тексеру жөніндегі бортоператорды қоса алғанда тікұшақтың барлық түтіннен қорғайтын құралдарды (оттегі маскалары және түтіннен қорғайтын көзілдірік) киюі керек.

164. Тікұшақтың электр энергиясы тұтынушыларының бірінде өрт пайда болған жағдайда оны жедел токтан ажырату керек.

165. Тікұшақ апатты қондырылған жағдайда, экипаж мүшелерінің іс-әрекеті ұшуды пайдаланудың тиісті регламенттері талаптарына сәйкес болуы тиіс.

166. Тікұшақ жүктерін тиеу және түсіру, оның жолаушыларын отырғызу және түсіру қозғалтқышты тоқтатқан жағдайда жүзеге асырылады. Айрықша жағдайларда егер алаңша еңіссіз және бөтен заттармен кедергі жасалмаған болса тікұшақ командиріне бұл операцияларды жұмыс істеп тұрған қозғалтқыш жағдайында өткізу туралы шешім қабылдауына жол беріледі.

167. Адамдарды жұмыс істеп тұрған қозғалтқыш жағдайында түсірген кезде адамдар тікұшақтан экипаж мүшесінің командасымен кетуіп, командирдің көз алдында қалуы тиіс. Тікұшаққа экипаж мүшесінің алып жүруімен ол көрсеткен бағыт бойынша жақындауға болады.

## 7. ЖАУАПТЫЛЫҚ

168. Қоғам басшылығы және Қоғам құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мыналар үшін жауапты болады:

1) осы Кодекстің талаптарын енгізуге және Қоғам жұмыскерлері мен мердігерлерінің оларды орындауын бақылауға;

2) қажетті ұйымдық және техникалық іс-шаралар жүргізу жолымен қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге.

169. Филиалдар құрылымдық бөлімшелері басшылары қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария қағидаларын сақтауды, жазатайым

оқиғалардың, оның ішінде кәсіби аурулардың, уланудың алдын алу жөніндегі қажетті шараларды қабылдауды қамтамасыз етуге .

170. Қоғам дұмыскерлері мыналар үшін жауапты болады:

1) Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңнамасы, Осы Кодекс және Қоғамның ішкі құжаттары талаптарының орындалуына;

2) орын алған жазатайым оқиға және/немесе оның себептері, барлық байқалған нормалар мен қағидаларды бұзулар, сондай-ақ ғимараттардың, жабдықтардың және қорғаныш құрылғыларының ақаулары туралы өзінің тікелей бастығына, ал ол жоқ болса – жоғары тұрған басшыға тез арада хабарлауға.

## 8. БИБЛИОГРАФИЯ

[1] Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №354 бұйрығымен бекітілген Магистральдық құбырларды пайдалану кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары.

[2] Қоғам Басқармасының 2013 жылғы 25 сәуірдегі шешімімен (отырыстың №12 хаттамасы) бекітілген СТ 6636-1901-АҚ-039-2.006-2013 «Магистральдық мұнай құбырлары. От, газ қауіпті жұмыстарды және қауіптілігі жоғары жұмыстарды ұйымдастыру тәртібі».

[3] Қоғам Басқармасының 2012 жылғы 6 сәуірдегі шешімімен (отырыстың №9 хаттамасы) бекітілген СТ 6636-1901-АҚ-039-2.005-2012 «Мердігер ұйымдарға қойылатын талаптар».

[4] «Жол жүрісі туралы» 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы.

[5] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы №1196 қаулысымен бекітілген Жол жүрісі қағидалары.

[6] Қоғам Басқармасының 2016 жылғы 27 сәуірдегі шешімімен (отырыстың №13 хаттамасы) бекітілген СТ 6636-1901-АҚ-039-2.002-2016 «Магистральдық мұнай құбырлары мен суағызғылар. Автокөлік, трактор және арнаулы техника. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар кешенін ұйымдастыру мен басқару».

[7] Қазақстан Республикасы энергетика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы №222 бұйрығымен бекітілген Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары.

[8] Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №358 бұйрығымен бекітілген Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары.

[9] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 тамыздағы №906 қаулысымен бекітілген Газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

[10] Қазақстан Республикасы энергетика министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы №204 бұйрығымен бекітілген Саймандармен және айлабұйымдармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік қағидасы.

[11] Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 359 бұйрығымен бекітілген Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидасы.

[12] МЕМСТ 12.1.046-85 «Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Құрылыс. Құрылыс алаңдарын жарықтандыру нормалары».

[13] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 қазандағы №1077 қаулысымен бекітілген Өрт қауіпсіздігі қағидалары.

[14] ҚР ҚЕ 1.03-106-2012 «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер. Қазақстан Республикасы қағидаларының жиынтығы. Құрылыстағы еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы».

[15] ҚР ҚН 1.03-12-2011 «Электрмен дәнекерлеу және газ-от жұмыстарын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидасы»

[16] МЕМСТ 12.4.059-89 (ҚР СТ 12.4.059-2002) «Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Құрылыс. Мүкәммал қорғанышалды қоршаулары. Жалпы техникалық ережелер».

[17] МЕМСТ 2874-82 «Ауыз су. Гигиеналық талаптар мен сапаны бақылау».

[18] ҚР ҚН 2.4-01-2011 «Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары. Табиғи және жасанды жарықтандыру».

[19] Қоғам Басқармасының 2008 жылғы 17 қаңтардағы шешімімен (отырыстың №1 хаттамасы) бекітілген АҚ СТ 38440351-4.010-2008 «Магистральдық құбырлар. Әуеден бақылау».

\*Осы Кодексті пайдалану кезінде сілтеме жасалып отырған құжаттың ағысдағы жылғы жай-күйі бойынша қолданылуын тексеру қажет. Егер сілтеме жасалып отырған құжат ауыстырылған (өзгертелген) болса, осы Кодексті пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертелген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтеме жасалған құжат ауыстырусыз алынып тасталса, оған сілтеме жасалған ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.